



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«02» қыркүйек 2024 ж

№ 118

Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы негізінде және Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы туралы» заңының 9-бабына және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 2024 жылдың 5 ақпандағы №195 хатына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мемлекеттік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;
2. Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
3. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген педагогтерге шара қолдансын;
4. Осы бұйрықпен педагогикалық ұжымның барлық мүшелерін таныстырсын (қосымша 1);
5. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілікті әдіскер Г.Ш.Мухажановаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші



М.К.Ахметова